

«Жамбыл облысы әкімдігінің Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Еңбек мобильдігі орталығы» (әрі қарай - Еңбек мобильдігі орталығы) мен жұмыс берушілер арасындағы жұмыспен қамту мәселелері, еңбек құқықтарын қамтамасыз ету және жұмысшыларды жұмыспен қамту және электронды еңбек биржасында бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыру www.enbek.kz бойынша өзара түсіністік

МЕМОРАНДУМ

Қаратау қаласы

«02» маусым 2025 жыл

Бұл Меморандум Еңбек мобильдігі орталығы және Талас аудандық Мансап орталығы өкілдік ететін филиалы мен жұмыс берушілер арасындағы жұмыспен қамту мәселелері, еңбек құқықтарын қамтамасыз ету және жұмысшыларды жұмыспен қамту және де электрондық еңбек биржасы бос жұмыс орындары туралы ақпаратты орналастыру www.enbek.kz (әрі қарай – Меморандум) келесі өкілдердің арасында жасалады:

Талас аудандық Мансап орталығының директоры Кабылқулов Нұрлан Оңлыұлы, ұсынылған Жарғы бойынша әрекет етеді.

Жұмыс беруші, **Талас ауданы әкімдігінің «Игілік» көпсалалы кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры Жумабеков Азамат Шайдыханович** бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, осы Меморандуммен төмендегілер туралы келіседі:

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Қаратау құрылыс-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының міндетін атқарушы Анарбекова Сауле Сериковна осы Меморандуммен төмендегілер туралы келіседі:

1. Меморандум мақсаттары

Осы Меморандум жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру саласындағы әріптестік қатынастарын орнатуға, жұмыспен қамту деңгейін арттыруға, жастар жұмыссыздығының көрсеткішін төмендетуге, тәжірибе алмасуға, кәсіптік бағдар беру және ақпараттық жұмыс жүргізуге бағытталған Тараптардың жүйелі өзара іс-қимылы мен сындарлы ынтымақтастығын қамтамасыз ету және бос жұмыс орындар туралы ақпаратты www.enbek.kz электрондық еңбек биржасында орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында жасалады.

2 бап. Өндірістік процесті тұрақтандыру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қамтамасыз ету және жұмысқа орналастыру жөніндегі шаралар.

Жұмыс берушінің тарапынан:

1. Еңбек өнімділігінің өсуін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау;

2. Өндірісті жаңғыртуға байланысты жұмыстан босатылатын немесе әлеуетті босату саласындағы қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру, оның ішінде қызметкерлердің кәсіби санатын арттыру үшін алдын алу іс-шараларын қамтамасыз ету;

3. Өнім (жұмыс) өндірісінің көлемі қысқарған кезде кәсіподақпен (қызметкерлер өкілдерімен) келісім бойынша толық емес жұмыс уақыты режимін енгізуді қоса алғанда, жұмыс орындарын сақтау бойынша барлық мүмкіндіктерді қарастыру;

4. Жұмыскерлердің қысқаруына жол бермеу мақсатында уақытша жұмыс орындарын құру, сондай-ақ жұмыскерлерді қайта оқыту бойынша шаралар қабылдау;

5. Жаңа өндірістер және жұмыс орындары пайда болған жағдайда, қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес бұрын босатылғандардың ішінен бос лауазымға орналасуға үміткерлерді басым тәртіппен қарау;

6. Инфляцияны ескере отырып, әділ жалақы төлеу;

7. Қызметкерлерге жалақыны уақтылы төлеуді қамтамасыз ету;

8. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 23 бабының 2 тармағының 27) тармақшасына сәйкес, Жұмыс беруші жұмысшыларының еңбек шарттарын автоматтандырылған e-HR есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу;

9. Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үшжақты комиссияның шешімдерін, әлеуметтік әріптестік, ұжымдық шарт бойынша бас, салалық, өңірлік келісімнің міндеттемелерін орындау;

10. Жалпы алаңдаушылық тудыратын басқа жағдайлар.

11. Қала бойынша техникалық мамандықты тәмамдаған түлектерді бос лауазымдарға орналастыру.

3. Мансап орталығы міндеттеледі

3.1. Меморандумның мақсатына сәйкес Тараптар келесі мәселелерде өзара іс-қимылда болады:

1) Талас ауданы бойынша жұмыссыз азаматтарды, 18 – 23 жас аралығындағы жас мамандарды жұмыспен қамтуға және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

2) жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері үшін экскурсияларды, ашық есік күндерін, кәсіптік бағдар беру кездесулерін ұйымдастыру және өндірістік практикадан өтуге жәрдемдесу;

3) республикалық маңызы бар қалаларда, облыс орталықтарында және қалаларда бос жұмыс орындары бойынша бірлескен ірі жәрменкелерді өткізу;

4) тараптардың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде ынтымақтастық шеңберінде бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде жариялау үшін өз мүмкіндіктерін пайдалануға;

5) жұмыс берушіге жұмыспен қамтудың белсенді шараларын, яғни субсидияланатын жұмыс орындары бойынша түсіндіру жұмыстары;

6) ынтымақтастықтың басқа да түрлері, жұмыс берушілердің мемлекеттен төленетін ақшасынан бөлек жұмыс берушілермен жұмыскерлерді қолдау

марапаттау максатында көтермелеу (үздік қызметкерлерге сыйақы, мадақтау тақтасына қою, құрмет грамоталары және т.б.) қарастыру.

7) Осы меморандум бойынша тоқсанына бір рет Талас аудандық прокуратурасына атқарылған жұмыстар бойынша ақпаратты жолдау.

3.2. Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ынтымақтастықтың өзге де нысандары қолданылуы мүмкін.

4. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Қаратау құрылыс-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны міндеттеледі

1. Осы Меморандумды іске асыру бойынша тараптармен бірлесіп жұмыс жасау.
2. Осы Меморандумға сәйкес, жұмыс берушіге сараптамалық көмек және көмек беруді жүргізу.
3. Түлектерге меморандумға сәйкес түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
4. Техникалық мамандықты тәмамдаған түлектер тізімін, Мансап орталығына уақытылы жолдау.

5. Қорытынды ережелер

1. Осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіктері шегінде өз жауапкершілігін мойындайды және өзара келісім және жасалған қағидаттарында туындаған мәселелерді бірлесе шешуге міндеттеледі.

2. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тараптар бір-бірімен кеңесе отырып, келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

3. Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар, 3 данада жасалды.

4. Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар кеңесу мен келіссөздер жүргізу арқылы барлық тараптардың келісімі бойынша енгізіледі.

5. Осы Меморандумның орындалуын бақылау Тараптардың әрқайсысына: жұмыс берушіге және Еңбек мобильдігі орталығына және Мансаптық орталықтар тұлғасындағы филиалдарына жүктелсін.

6. Осы Меморандумға Тараптармен қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Тараптардың қолдары:

«Еңбек мобильдігі орталығы» КММ

Талас ауданы бойынша

Мансаптық орталық филиалы»

директоры

Н.Кабылакулов

« 04 »

06

2025 ж.

М.П.

Талас ауданы әкімдігінің «Игілік»
көпсалалы кәсіпорны шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының
директоры



А.Ж. Мабеков

2025 ж

Жамбыл облысы әкімдігі білім
басқармасының «Қаратау құрылыс-
техникалық колледжі» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
директордың міндетін атқарушы



С.Анарбекова

« 02 » 06 2025 ж.

М.П.